

Докторантураның «Экономика докторы» білім беру бағдарламасы

Мақсаты: Экономика саласында «озық» теориялық білімі, зерттеу мен практикалық дағдылары бар, қазіргі заманғы экономикалық ойлауы жоғары, сыни тұрғыдан ойлауға және тиімді шешім қабылдауға қабілетті мемлекеттік қызметшілерді даярлау.

Бағдарламаның міндеттері:

- стратегиялық мақсаттар мен басымдықтарға сәйкес нақты міндеттерді қою негізінде мемлекеттік органның жұмысын тиімді жоспарлау және ұйымдастыру дағдыларын үйрету;
- берілген уақыт шеңберінде стратегиялық мақсаттарды іске асыруды үйлестіру және бақылау дағдыларын үйрету;
- қолда бар ресурстар мен ықтимал тәуекелдерді ескере отырып, баламалы шешімдерді дамытуға үйрету;
- қойылған мақсаттарға жету үшін стратегиялық деңгейде тиімді шешімдер қабылдау дағдыларын үйрету;
- мемлекеттік органның сапалы мемлекеттік қызметтер көрсетуін үйлестіру және бақылау дағдыларын үйрету;
- мемлекеттік орган қызметінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін инновациялық тәсілдерді талдау және енгізу дағдыларын үйрету.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

Синтез: мемлекет дамуының ұзақ мерзімді экономикалық стратегиясын құрады (ұйым, аймақ, сала)

Талдау: Ұйымның, экономиканың даму баламаларын зерттейді және оңтайлы нұсқаны негіздейді

Қолдану: баламалар арасында басқару шешімдерін таңдауды ғылыми негіздейді

Бағалау: ұйымның, экономиканың дамуындағы тәуекелдер мен мүмкіндіктерді ғылыми негіздейді және балама шешімдер ұсынады

Құзыреттері бойынша:

Тиімді басқару. Стратегиялық мақсаттар мен басымдықтарға сәйкес нақты міндеттерді тұжырымдау негізінде мемлекеттік органның жұмысын тиімді жоспарлау және ұйымдастыру дағдыларына ие.

Ынтымақтастық. Стратегиялық мақсаттарға жету үшін әріптестерімен, басқа мемлекеттік органдармен, ұйымдармен қарым-қатынас орнатуды біледі.

Көшбасшылық және стратегиялық көзқарас. Стратегиялық мақсаттарды іске асыруды үйлестіру және бақылау дағдыларына ие.

Шешім қабылдау. Қолда бар ресурстар мен ықтимал тәуекелдерді ескере отырып, балама шешімдерді әзірлеуге қабілетті; қойылған мақсаттарға жету үшін стратегиялық деңгейде тиімді шешімдер қабылдау дағдыларына ие.

Клиенттерге бағытталғандық және ақпаратпен камтамасыз ету. Мемлекеттік органның сапалы мемлекеттік қызметтерді ұсынуын үйлестіру және бақылау дағдыларына ие.

Адалдық. Этикалық нормалар мен стандарттардың сақталуын бақылауды, ұжымда сенім мен құрмет атмосферасын құруды, әріптестер мен қызметкерлердің іс-әрекеттеріндегі ашықтық пен әділеттілік принциптерін сақтауды біледі.

Бастамашылдық. Мемлекеттік орган қызметінің тиімділігін қамтамасыз етудің инновациялық тәсілдерін талдау және енгізу дағдыларына ие.

Семестр	Пәннің атауы	ECTS
1	Зерттеу әдістері және дизайны	4,5
	Қолданбалы микроэкономика	4,5
	Қаржы және қаржылық талдау (жоғары деңгей)	4,5
	Зерттеу семинары - I	1,5
	1 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ	15
2	Мемлекеттік басқарудағы цифрлық технологиялар	3
	Қолданбалы макроэкономика	4,5
	Басқарушылық шешімдерді экономикалық талдау	4,5
	Мемлекеттің макроэкономикалық саясаты	4,5
	Зерттеу семинары –II	1,5
2 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ	18	
3	Зерттеу семинары –III	2
	3 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ	2
4	Зерттеу семинары –IV	2
	4 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ	2
5	Зерттеу семинары –V	2
	5 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ	2
6	Зерттеу семинары – VI	2
	6 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ	2
Теориялық оқытудың барлығы		41
Қосымша білім берудің барлығы		231
	• Тәжірибе / тағылымдама («Эмпирикалық мәліметтерді жинау»)	13
	• Докторанттың эксперименттік жұмысы	80
Докторлық диссертацияны орындау		120
Докторлық диссертацияны ресімдеу және қорғау		14
МІНДЕТТІ ИГЕРУГЕ ҚАЖЕТТІ КРЕДИТТЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ		268